

**"Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің соғыс және еңбек ардагерлеріне арналған "Ардагер" республикалық пансионаты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын Алматы қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 16 қыркүйектегі N 923 Қаулысы

"Мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екінші түріне беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 қаңтардағы N 81 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімінің "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің соғыс және еңбек ардагерлеріне арналған "Ардагер" республикалық пансионаты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын (бұдан әрі - Кәсіпорын) республикалық меншіктен Алматы қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен және Алматы қаласының әкімдігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен Кәсіпорынды қабылдап алу-беру жөніндегі қажетті ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асырсын.

3. Алматы қаласының әкімі Кәсіпорын қызметі бейінінің - Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерін, жеңілдіктері мен кепілдіктері бойынша оларға теңестірілген адамдарды, мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектерді санаторий-курорттық емдеудің сақталуын қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

- 1) **күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;**
- 2) "Алматы қаласының аумағында орналасқан ұйымдар мен объектілерге қатысты мемлекеттік меншік түрлері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 қарашадағы N 1141 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 41, 3 7 1 - қ ұ ж а т ) :

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік республикалық меншікте қалатын ұйымдардың, сондай-ақ тұрғын емес қор объектілерінің тізбесіндегі реттік нөмірі 382-ж о л а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

3) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1005 қаулысымен.  
Ескерту. 4-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796;  
23.09.2014 № 1005 қаулыларымен.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК